

## МӘТІНГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ГРАММАТИКАЛЫҚ ӘДІС

**Тобыш Н.**

*Методика обучения грамматике, применяемая в отдельном тексте, используется много лет. Этот метод получил широкое применение в англоязычных государствах. В данной статье этот метод обсужден разносторонне.*

*Text-based grammar teaching has been used for along time. It has shown its usefulness in English-speaking countries. The method has been discussed thoroughly in the article.*

Бұл әдіс қысқаша мәтінді бір топ оқушыларға диктант жылдамдығын үйрету процедурасы. Оқушылар оқылып жатқан мәтінді түртіп, жазып алады. Сосын кішкентай топта жұмыс жасай отырып мәтінді бөліп- бөліп біріге әрекет жасай келе мақсатқа жетеді. Топтың түртіп, жазып алғандарын Pooling - жинақ, қосынды деп атаймыз. Әрі мәтін туралы грамматикалық шешімдерге келу: Әсіресе сөз таңдау choice - сөйлем құру және сөйлем ара-байланысы. Ең соңында әр топ өзінің мәтінін дайындағаннан кейін барлық оқушылар тапқандарын айтып, топтық версиялар талданып тексеріледі. [1]

Әдістің процедурасы төрт бөлімнен тұрады:

1. Мұғалім бір мәтінді оқи бастайды, яғни, тілдің көп бөлігі түгелдей семантика ретінде бірігеді (бірін-бірі қолдайды). Осы анықтама бойынша “Ouch!” дегеніміз өңделген мәіндер. Алайда әдіс процедурасына арналған аталмыш мәтіндер 3, 5 сөйлемнен тұрады. Олар өте айқын да ұзақ сөйлемдер.

2. Мұғалім мәтінді сөйлемдер арқылы топқа (4 оқушыдан құрылған шағын топ) айтып жаздырады. Диктант процедурасы аты шыққан, баяу қимылды, дәстүрлі сөз бе сөз әдісі емес. Ол кәдімгідей қарқын, жылдамдықпен сөйлем-сөйлем болып айтылып, жаздырылады. Бұл диктанттың кәдімгі ағылшын тілін сөйлер ырғағымен айтылуы шешуші рөл атқарады. Мұғалім сөйлемдер арасында әдеттегіден көбірек кідіреді. Диктант барысында студенттер негізгі мағыналы сөздерді қысқаша немесе тездетіп жазады. Оларды грамматикадан гөрі мазмұнды, функция сөздерін түртіп жазып алуға ынталандыру керек. Төмендегі мысалда мазмұн сөздер бас әріппен жазылған. Бұлар оқушының ойын үлгі бойынша жаңа мәтінді қайта құрастыруға негіз бола алатын сөздер:

THE OLD FARMER SOLD his SICK HORSE and BOUGHT a HEALTHY COW.

(Қарт диқан ауру атын сатып орнына сау сиыр сатып алды.)

Функция сөздер (the, his, and, a) сөйлемде еске сақтаушы, ынталандырушы сөздер ретінде қызмет етпейді. Сонымен қатар бұл әдістің мақсаты оқушыларды қажет еткен грамматикалық ережелерін бөлшектеп жасап жалпы семантикаға айналдыру болып табылады.

3. Тіл үйренушілер кішкентай топта жұмыс жасай отырып, өздерінің бөлшектерін және олардың әдіс-амалдарын, олардың біріккен тілдік қабілеттілігін өздерінің естіген үлгісімен мәтін жасайды. Бұл негізгі мәтіннің

көшірмесі емес. Біздер екі нұсқалы көшірмелер іздеп жатқан жоқпыз. Ол бұл процедураны cloze - ға (оқушыға жоғалған сөздерді табуға көмектесетін жүйе) қарсы қою деп ойлауға көмектесуі мүмкін. Cloze - да біздің бос орындары бар мәтіміміз бар, ал, бұл әдісте мәтінге қажетті бөлшектеріміз бар.

4. Соңында барлық оқушылар болып, топтар арқылы жасаған мәтіндерді талдап түзетеміз. Оқушылар енді өз істерін бағалай алады. Бұл талдауға мұғалім меңгеруші ретінде және сыныптағы ойшыл ретінде қатысады. [2]

Бұл мақаланың екінші бөлімі арналған мәтінді сыныпта пайдалану үшін ойлап шығарумен жұмыстанады.

Бұл жерде ең алғашқы білуі қажет мәселе, мәтін сенімді құжаттардың бір бөлігі емес, ол, сенімді материалдардан алынған идея немесе ой болуы мүмкін, мысалы газеттің бір мақаласы. Бірақ толық біткен мәтін жеке өзі сенімді материал емес, ол өте ерекше құрылып ерекше мақсаттарға арналған, жоспарланған білім беру құралы болуы мүмкін. Ол әдетте құрылымды және мәтіндік болып келеді. Бірақ құрамында лексикалық және синтактикалық ойлар кірістірілген. Кей кездері мәтін, сенімді мәтінге ұқсас болады. Бірақ оның негізгі бағасы оның білім беру потенциялында жатыр, сенімділігінде емес, және бұл тіл үйрену сабағында сыныпта пікір таластың қажеті жоқ. Сенімділік негізін туғызу ағылшын тілін үйретуде өте жақсы әсері бар.

Ол ағылшынды шет тілі ретінде үйрету дәстүрлі материалы мен бұрынғы проза арасында жасанды кедергілерді жойған. Ол мұғалімдердің тіл табиғатын шын мәнінде түсініп, дамытуда өте табысты болды. Оның жанама білімділік функциясы болып классты жасанды, шын әлемнен бөліп тұрған кедергілерді жойған еді. Алайда әдістің функциясы: шын өмірде, тілді үйренушіге ұсыну емес, ол тек оқушыны белсенді етіп үйрену үшін өздеріне берілген тапсырмаларды орындаудың, мәтінді орындауда да тапсырманы талқылауда да бір құралы ғана. Осылай оқушылар өздерінің тілдегі кемшіліктері мен шектеулерін біледі.

Талқылаулар мен жөндеу сатысы, оқушының өзіне қажетті деңгейде қайта жөндеуге мүмкіндік береді. Бір сөзбен айтқанда мәтін оқушыға өзі таңдаған тілі аймағында талдауға, пікір таласуға мүмкіндік беретін бір құрал, әсіресе ерекше бір тілдің құрылымында немесе мәтіндік келбетінде. Осылайша ол ерекше бір үйренуші топқа сай келу үшін, өзінің педагогикалық функциясын өте жақсы атқару үшін, белгілі бір берілген уақыт ішінде үйренуді ең жоғары деңгейге жекізу үшін өте мұқият құрылуы керек. Егер бұл жағдайдың тууына кездейсоқтық мүмкіндік берілсе дұрыс болмайды.

“Критерии” тақырыбында оның мінездемесін зерттеу мақсатында бір жақсы мәтін құру үшін белгілі бір модельді таңдау ең дұрыс жолы. Ол үшін төменде орташа және орташадан төмен деңгейдегі оқушыларға арналып, табысты нәтиже көрсеткен “TV BAN” мәтіні келтіріледі. [3]

## TV BAN

### (Теледидарға тыйым салу)

**1. A small town in Australia has declared itself the world's first TV - free zone.** Австралиядағы бір кішкентай қала өзін әлемдегі ең алғашқы теледидарсыз қала деп жариялайды.

## **2. The population of 122 men, women and children have decided to ban TV for a week.**

Қала тұрғындарынан 122 адам (ер, әйел, балалар) бір апта бойы теледидар қарауға тыйым салуға шешім қабылдаған.

## **3. Many are determined to keep the plug out permanently.**

Олардың көбі осы шешімді тұрақты сақтауға бекінген.

## **4. For the present, some of the people are taking bets to see who cracks first, and it is feared pre-school may be the first victims.**

Қазір халықтың кейбірінде кім ең бірінші болып осы шешімді бұзатындығы туралы бәстесуде, бұл мектеп жасындағы балалар болуы мүмкін деген үрей, қорқыныш бар.

### **Неге бұл жақсы мәтін?**

“TV BAN” мәтіні төменде келтірілген көптеген дәлелдер бойынша өте әсерлі деп есептеледі.

#### **1) Topic Cohesion (тақырып байланысы) мәтінінің маңызды құрамы**

Бұл мәтін ең көп тақырып байланысын ойлап шығару үшін өте ұқыпты құрылады. Ол жалпы бір оймен басталады да әрі қарай нақтылықтардың демеуімен жалғасады. Нақтылықтарды ұлғайтумен әрі көптеген жалпы сөйлемдер көмегімен қорытындыланады.

#### **2) Textual Cohesion (мәтіндік байланыс)**

Жақсы арналған мәтінінің ерекшелігі, ол мәтіннің өзара жақсы ара-байланысының болуы. Бұл мәтінде сөйлемдерді бір-біріне тығыз байланыстыру үшін мәтін ішінде сөйлемдер арасында тізбектелген әдеби - лексикалық байланыс болады. Сондай-ақ сөйлемдердегі басқа белгілер де анық, айқын болуға тырысады.

#### **3) Мағыналық салмақтылық немесе мақсатты салмақтылық**

Мәтіннің бір ерекшелігі оның салмақты мағынасында, яғни, оқушының жоғары немесе төмен қажетінің арасындағы жақсы тепе-теңдіктің болуы. Мәтін құрамындағы негізгі ойлар, мағыналар саны жетіден аспауы керек, ал егер олар жетіден аса қалса, оқушының қажетті есте сақтағандары оның қажетінен артық болады да ойы бұзылады. Бір жаманы одан оқушы миы қысым көріп мидың жұмыс жасауы бұзылады. Егер мәтінде ойлар немесе мағыналар саны жетіден аз болса оқушының уақытша есте сақтау қабілеті мәтінге байланысты қажетті деңгейге жетпейді. Бұндай жағдайда оқушы мәтіннің көп бөлігін есінде сақтауы мүмкін, бұл дегеніміз ол мәтінді қайта құруда мәтіннің көп бөлігін есіне түсіріп жаза алуы мүмкін, бірақ үйренуге қажетті ойдағы бірлесе әрекеттесу процесі жүзеге аспайды. Осылай оқушының қысқа мерзімдік есте сақтау қабілетін дамыту үшін ынталандыру керек.

#### **4) Лексикалық жүктеме (мәтіннің лексикалық жүктемесі)**

Мәтін оқушыларға арнап дайындалған класс деңгейіне сай мұқият түрде жоспарланып суреттелуі керек. Біз бұл жерде ауыр және жеңіл жүктеме арасындағы тепе-теңдікті сақтауды мақсат етіп отырмыз. Лексис бұрын

үйретілген немесе мүмкіндігінше контексттен алынған идиомаларды (бір топ сөздер) кең көлемде 1 - 2 жаңа үзіндімен (параграф) түсіндіруі керек. Бұл мәтінде үш идиомалық немесе қарапайым сөйлеу тілінің айтылу түрі бар: - **to keep the plug out permanently** деген сөйлемде, оны түсінуге болады егер **plug** сөзі бұрын үйретілген болса, және **take bets** 4 - сөйлемде, **bet** сөзін бұрын білетін болса, **cracks** 4 - сөйлемде, егер оның қарапайым мағынасы бұрын үйретілген болса, ал олардың идиомалық мағыналарын кейін түсінеміз. Мәтіндегі басқа сөздер де қиындық туғызуы мүмкін, мысалы: **declare itself** 1 - сөйлемде және **ban** 2 - сөйлемде. Кез келген қиындықтан мұғалімнің өзін алып шығу үшін, оның лексикалық білімі терең болуы керек. Лексисте тағы бір көңіл бөлу керек нәрсе, тілде пайдаланылатын белгіленген терминдерден, сөздік пайдасы шамалы, қолданысы аз терминдерден сондай-ақ шынында мәліметті тасымалдап жеткізуге кедергі болатын терминдерді пайдаланудан сақтануы керек.

#### 5) Structural Focus (құрылымдық жиынтық)

Жақсы арналған мәтіннің құрылымдық фокусі болуы керек. Онда педагогикалық құрал ретінде қызмет ететін талдау, жөндеу сатысында қолдануға болатын аз дегенде бір тілдің белгісіз қолданысының бір нүктесі болуы керек. Мына мәтінде құрылымдық фокус time (уақыт) - қа (өткен шақ, осы шақ, нақ осы шақ және аяқталған осы шақ) және **infinitive** (етістіктің тұйық райы) - ның қолданысына “**to keep, to see**” етістіктеріне тоқталады. Әрине мәтінде басқа да құрылымдық түрлер бар, мысалы: **the passive** (ырықсыз етіс), бірақ мұғалім мәтіннің педагогикалық мақсаттағы тілдік мәселелерін көбірек білуі керек. Өйткені осылар мәтінді талдауға, баяндауға, талдау және жөндеулерге көмектеседі. [4]

### Extension and Challenge

кеңейту және күрес

Жақсы мәтінде қиындық туғызатын 1, 2 тілдік мәселесі болады. Бұл қиындық оқушының да қиындығы, мысалы: Жоғарыдағы мәтінде 1 - сөйлемде **declared itself** өздік есімдіктің қолданысы, ал, келер шақты көрсету үшін жәй осы шақты пайдалануы **who cracks first** 4 - сөйлемде. Бұл анық dictogloss әдісі тілді ойланып аударумен түсіндіре отырып үйретуге тоқталады. Оқушылар кейде өздерінің тіл үйрену жарысында қорықпастан тілдік білімдерін тәжірибелерден, өзара тілді жақсарту арқылы өз білімдерін табандылықпен ұлғайтады.

### What makes a bad text bad?

Нашар мәтінді нашар қылып көрсететін не ?

Пайдаланған ыңғайлы үлгіні жалғастыра келе, біз оны төменгі “**Detectives’ lives: Fact and Fantasy**” атты мәтінде пайдаланамыз. Бұл жерде ол болымсыз, қарсы үлгі ретінде берілген:

1. **Real policemen, wherever they may be working, hardly recognize any resemblance between their lives and what they see on TV - if they ever get home in time.**

Шын полицей қай жерде жұмыс жасаса да, өзінің шын өмірі мен теледидардан көрген нәрсесінің арасындағы ұқсастықты ажырата алмайды, егерде теледидар қарауға уақыты болса.

**2. Rather than spend his time chatting to scantily clad ladies or in dramatic confrontation with desperate criminals, a policeman will spend most of his working life typing millions of words on thousands of forms about hundreds of sad, unimportant people who are guilty or not of stupid, petty crimes.**

Ол өз уақытын дұрыс киінбейтін, жалаңаш әйелдерге немесе көңілсіз қылмыскерлермен сөйлеуге жұмсағаннан гөрі оны өз жұмысына байланысты қылмыскерлер туралы түрлі бланкілер толтырумен өткізгенді ұнатады.

**3. A big difference between the drama detective and the real one is the unpleasant moral twilight in which the real one lives.**

Драмалық детектив пен шын полицей арасындағы бір үлкен айырмашылық мынада: шын полицей жағымсыз моралдық жағынан қараңғылықта өмір сүріп жатқанын түсінеді, ал драмалық детектив өз ойымен.

**4. Detectives are subject to two opposing pressures: first, as members of police force they always have to behave with absolute legality, secondly, as expensive public servants they have to get results.**

Детективтер екі қарсы қысымның бағыныштысы болады: 1 - Олар полицей күштерінің мүшесі ретінде заң бойынша әрекет жасауға мәжбүр болады. 2 - Олар қалың көпшіліктің қызметкері ретінде жұмыстарынан қорытынды шығарулары керек.

**5. They can hardly ever do both.**

Олардың ішінен азы ғана осы екі міндетті бірге атқара алады. [1]

**A number of features make this text a poor pedagogic tool.**

**A. It is conceptually overloaded.** Оны түсіну кез келген оқушыға ауыр: 1 - сөйлемде үш идея бар және жалпы мәтінде 13 - тен астам ой бар. Ал бұл оқушының көп қысым көруіне және өзіне салмақ салуына себеп болады.

**B. The lexical choice is somewhat suspect.** Лексикалық таңдауы да сенімсіз, күмәнді. **Scantily clad** сияқты көп қолданыста жоқ терминдер пайдаланылған және бұрын үйретілмеген, моралдық жағынан ауыр да ойдан шығарылған. Мәтіннен бір қорытынды шығару қиын.

**C. The complex syntax can be problematic.** Күрделі синтактика да мәселе бола алады. 1, 2, 4 - сөйлемдер өте күрделі синтактикалық сөйлемдер. Бұл күрделі сөйлемдердің құрылымы мен мағынасы оқушыға ауызша тапсырма орындауда қиындық туғызады. Кез келген оқушыға жазбаша тілге қарағанда дыбыс көбірек жайылып көрсетіледі. Оқушы өзі мәтіндегі негізгі мәліметтер мен маңызы шамалы нақтылықтар арасындағы айырмашылықты ажырата білуі керек. Мысалы: 1- сөйлемдегі маңызды мәлімет (**Real policeman hardly recognize any resemblance between their lives and what they see on TV.**) табылған екі маңызды мәлімет арасында қалады, (**wherever they may be working, and if they ever get home in time.**) Негізгі мәлімет ауызша белгілі болу үшін, оқушы оны белгіленген өте көп дыбыстық үлгілер мен басқа да мәліметтерден ажырата білуі керек. Сөйлемнің құрылымы жағынан 2 - және 5 - сөйлемдер арасында күрделілігі мен ұзақтығы көп қарама-қайшылық бар. Бұл

жерде оның ешқандай dictogloss мәтініндей педагогикалық мақсаты жоқ, керісінше ол тек көңіл қалдырып, шаршатады.

#### **D. The topic cohesion**

Тақырыптың ара-байланысы анық емес әрі реттелмеген. Бұл мәтінде ортақ негізгі ой жоқ әрі басынан аяғына дейін анық, айқын болмағандықтан, логикалық жағынан дамымайды. Мысалы: 2, 3, 4 - сөйлемдерде идеялар, көмекші нақтылықтар ретінде жалпы баяндалған пікірлер. 4 - сөйлем мен 3 - сөйлемде айтылған ойға көмекші сөйлем бола тұра, 3 - және 4 - сөйлемдер арасында ешқандай байланыс жоқ. Мәселе мынада: dictogloss мәтіні сөйлемдердегі дұрыс ара-байланысты бас қатыратын ойлар арасын анық айқын көрсетуі керек.

Бұл мақала қысқаша мәтінге негізделген грамматикалық әдісін айтып, зерттеген әрі жақсы мәтінді ойлап шығарудың өлшемін талқылай келе мына шындықты дәлелдейді: грамматикалық мәтін сенімді материалдың бір бөлігі емес, ол білім беру саласына арналған ерекше бір құрал, ол бір үлгіні тексереді және ойдан шығарып ұсынатын мәтінге жол көрсетуші. Одан оқушы жақсы грамматикалық мәтінін ойдан шығаруға анық көзқарас алады деп үміт етіледі. [4]

#### **Әдебиеттер:**

1. Ultimo, N. S. W.: Melting Pod Press., 155 бет Wajnryb; R. 1986. Grammar workout
2. Ultimo, N. S. W.: Melting Pod Press., 85 бет 1988. Grammar workout
3. Practical English Usage. Oxford, 1995., 127 бет
4. ROSHD. Foreign Language Teaching Journal. Vol. 7, No. 28. 1991, 54-55-56 беттер